

**Әкімдіктің 2009 жылғы 16 қаңтардағы № 14 "Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесін бекіту туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

Қостанай облысы әкімдігінің 2020 жылғы 8 шілдедегі № 234 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 9 шілдеде № 9317 болып тіркелді

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қостанай облысы әкімдігінің "Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесін бекіту туралы" 2009 жылғы 16 қаңтардағы № 14 қаулысына (2009 жылғы 30 қаңтарда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3666 болып тіркелген) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесі:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 979, 980, 981, 982, 983, 984, 985, 986, 987, 988, 989, 990, 991-жолдарымен толықтырылсын:

"

979	Дузбай өзенінің учаскесі (Сурка)	300	Әулікөл
980	Второе көлі	2,4	Қостанай
981	Ждановское көлі	28	
982	Коровино көлі	92	
983	Кривое көлі	3,6	
984	Первое көлі	2	
985	Становое көлі	4,0	
986	Хорошиловское көлі	75	
987	Бекішев сайы	24,2	Меңдіқара
988	Буга тоғаны	22	Науырзым
989	Песчаное көлі	49	Ұзынкөл
990	Славкино (Скопино) көлі	73	
991	Песчаное көлі	47	Федоров

".

2. "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қостанай облысының әкімі*

*А. Мухамбетов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК